

**Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын)
дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған
мектеп-интернаты**

2021-2022 оқу жылы

**ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСЫНЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

2021-2022 оқу жылы мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысы «Жаңартылған білім беру жағдайында мұғалімнің кәсіби дамуына көмек көрсету» әдістемелік тақырыбында жүргізілді. Әдістемелік жұмыстың мақсаты: Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылығын жетілдіру. Осы мақсаты орындауда мектептің ғылыми әдістемелік жұмысы және дарынды оқушылармен жұмыс оқу-тәрбие жылдық жоспары негізінде атқарылып отырылды. Осыған орай педагогтер мектеп директорымен бекітілген апталық жоспар бойынша жұмыстарын атқарды. Әр апта сайын өткізілген әдістемелік жұмыс және қатысқан олимпиадалар мен конкурстардың нәтижесі мектеп сайтына, инстаграм парақшасына орналастырылып тұрды.

Педагогтердің сапалық құрамы

2021-2022 оқу жылы мектеп-интернатында 28 мұғалім және 1 педагог-психолог жұмыс атқарады, оның ішінде 28 - жоғары білімді, 1- арнайы орта, 6 педагогте магистрлік дәреже бар, жаңадан келген мұғалімдердің саны- 10, оның ішінде 6 - жас маман. Жалпы мектепте қызмет атқарып жүрген жас мамандар саны –7. «Тәлімгер-педагог» жұмысын 3 педагог атқарды. Барлық педагогтер «Кемеңгер», «Шабыт», «Жалын» атты 3 шығармашылық топқа бөлініп әдістемелік жұмысқа белсенді қатысты. Педагогтердің жалпы санынан біліктілік санаты «Педагог-шебер» -1 «Педагог-зерттеуші» -12, жоғары -1, бірінші -1 педагогте бар. Үлесі – 51,7 %.

Барлығы педагог саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары	Бірінші	Категориясы жоқ
29	1	12	2	2	1	1	10



Мұғалімдердің біліктілік санаттары

№	Мұғалімнің аты-жөні	Лауазымы	Біліктілік санаты
1	Искакова Д.М.	Химия пәні мұғалімі	Педагог - шебер
2	Торсунова Б.Р.	Биология пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші
3	Онгарбай Ж.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші
4	Шаяхметова С.С.	Көркем еңбек пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші
5	Ахат А.Д.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші
6	Даулеткалиева Т.Б.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші
7	Әдей Ж.	Тарих пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші
8	Алпыспаева С.А.	Тарих пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші
9	Шалабаева А.Б.	Математика пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші
10	Курманалина А.С.	Математика пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші
11	Куспекова К.М.	Математика пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші
12	Маженова А.А.	Биология пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші
13	Жетписбаева К.Б.	Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог-зерттеуші
14	Оспанова Ш.С.	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	Педагог- сарапшы
15	Кожяхметова Р.З.	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	Педагог- сарапшы
16	Ташмаганбетова Л.Н	Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Педагог- модератор
17	Қали Ж.С.	География пәні мұғалімі	Педагог- модератор
18	Кайржанова М.Н.	Өзін-өзі тану пәні мұғалімі	Жоғары
19	Кусаинова С.З.	Өзін-өзі тану пәні мұғалімі	Бірінші
20	Муратов М.Б.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	Категориясыз
21	Сабиева Н.Ж.	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	Категориясыз
22	Сатынсин Д.Т.	Физика пәні мұғалімі	Категориясыз
23	Аманболдин Б.Ж.	Физика пәні мұғалімі	Категориясыз
24	Сағатай А.А.	Химия пәні мұғалімі	Категориясыз
25	Шарипов А.Б.	Информатика пәні мұғалімі	Категориясыз
26	Шокаев А.Е.	АӘТД пәні мұғалімі	Категориясыз
27	Закір Д.	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	Категориясыз
28	Муратбек А.	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	Категориясыз
29	Какимжанова Д.Ш.	Педагог-психолог	Категориясыз

Педагог қызметкерлерді аттестаттау

2021-2022 оқу жылы №1 педагогикалық кеңес отырысында аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің тізімі бекітілді. Тамыз айында «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтуге орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жетписбаева К.Б. өтініш тапсырды. Қараша айында Ұлттық біліктілік тестілеуден жоғары баллдар жинап өтті және желтоқсан айында 2-кезеңге оқу-әдістемелік құралдары мен жетістіктер портфолиосын облыстық білім басқармасына тапсырып «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына өтті. Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Кайржанова М.Н. аттестаттаудан өтуін бас тартты.

Білім беру мазмұнының жаңару жағдайында мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамыту, біліктілігін арттыру арқылы жоғарғы сапа мен бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізе отырып, кәсіби дамуын қамтамасыз ету мақсатында жыл бойы педагогтер семинарларға, форумдарға, «дөңгелек үстелдерге», ғылыми - тәжірибелік конференцияларға, кәсіби конкурстарға қатысты, шебер және ашық сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар, пәндік олимпиадалар мен ғылыми жоба сайыстарын өткізді.

Педагогтердің біліктілігін арттыру

Мектепте қыркүйек айында педагогтердің біліктілік арттыру курстарынан өтудің ұзақ мерзімді жоспары мен тізімі жаңартылды. 2021-2022 оқу жылында 5 педагог біліктілік арттыру курстарынан өтті, 12 педагог маусым-тамыз айларында НЗМ Педагогикалық шеберлік орталығында өтуді жоспарлауда.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Тақырыбы	Уақыты	Өткен орны
1	Искакова Дана Манаповна	Мектеп директорлары мен директор орынбасарларына арналған	Өзін-өзі тану» пәнінің ғылыми-әдіснамалық негіздері 36 сағат	31.01-04.02 2022 ж.	«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» АҚ Алматы қ.
2	Кайржанова Майра Негметовна	Өзін-өзі тану пәні мұғалімдеріне арналған 72 сағат	Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері 72 сағат	07.02-18.02 2022 ж.	«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» АҚ Алматы қ. № 0009222
3	Әдей Жайнагүл	Зайырлылық және дінтану негіздері	Жастар ортасында терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру	14-25.02. 2022ж.	«Өрлеу» ҰБАО АҚ филиалы Ақмола облысы бойынша ПҚБАИ Көкшетау қ. № 0435120
4	Алпыспаева Салтанат Амантаевна	Зайырлылық және дінтану негіздері	Жастар ортасында терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру	14-25.02. 2022ж.	«Өрлеу» ҰБАО АҚ филиалы Ақмола облысы бойынша ПҚБАИ Көкшетау қ. № 0435115
5	Ахат Алтыншаш Досымбекқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» сабақтары: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары	25.04-13.05 2022 ж.	НЗМ»ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» Көкшетау қ. №





Педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту

2021-2022 оқу жылы форумдарға,

мектеп педагогтері 21 семинарлар мен «дөңгелек үстелдер» мен ғылыми – тәжірибелік конференцияларға қатысып кәсіби шеберліктерін дамытты.

№	Тақырыбы	Түрі	Қатысқан педагогтің аты-жөні	Лауазымы
1	«Ы. Алтынсарин және заманауи білім»	Облыстық «дөңгелек үстел»	Торсунова Б.Р.	Биология пәні мұғалімі
2	«Теория. Іс-тәжірибе. Өндіріс»	Облыстық әдістемелік семинар	Қали Ж.С.	География пәні мұғалімі
3	«Педагогикалық практика және облыс мектептеріне STEM енгізу тәжірибесі»	Облыстық семинар (ЖМБ ағылшын тіл.)	Торсунова Б.Р.	Биология пәні мұғалімі
4	«Абай және Алаш сабақтастығы: ағартушылық-әдістемелік аспекті»	Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция	Ахат А.Д. Онгарбай Ж Даулеткалиева Т.Б. Муратов М.Б.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
5	«Оқу жетістіктерін бағалаудың заманауи тәсілдері :проблемалар, тәжірибелер, жетістіктер»	Облыстық әдістемелік семинар	Шалабаева А.Б.	Математика пәні мұғалімі
6	Абай мектептеріндегі Абайтану, қазақ тілі, қазақ әдебиеті: кедергілер мен мүмкіндіктер	Республикалық «дөңгелек үстел»	Ахат А.Д. Онгарбай Ж Даулеткалиева Т.Б. Муратов М.Б.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
7	Заманауи білім беру жүйесі және мектеп оқушыларына шетел тілін оқытудың мәселелері	Облыстық семинар	Оспанова Ш.С. Кожаметова Р.З.	Ағылшын тілі пәні мұғалімі
8	Мектеп терминологиясы: бүгінгі жай-күйі мен жүйелеу мәселесі	Республикалық әдістемелік семинар	Ахат А.Д. Онгарбай Ж	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
9	Зайырлылық және дінтану негіздері	Облыстық семинар	Алпыспаева С.А.	Тарих пәні мұғалімі
10	Абай және Алаш сабақтастығы: ағартушылық-әдістемелік аспекті	Республикалық онлайн конференция	Ахат А.Д. Онгарбай Ж Даулеткалиева Т.Б. Муратов М.Б.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
11	Ақмола облысындағы білім берудің инновациялық әулеті	Облыстық ғылыми-	Искакова Д.М. Оспанова Ш.С.	Мектеп директоры

		практикалық конференция		Оқу ісінің орынбасары
12	Бейіндік пәндер: жетістіктер, кедергілер, ұсыныстар	Республикалық «дөңгелек үстел»	Кусаинова С.З. Ахат А.Д. Онгарбай Ж Даулеткалиева Т.Б. Муратов М.Б.	БО ісінің орынб. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
13	Новые тренды цифровизации в системе образования	Облыстық семинар	Оспанова Ш.С. Шарипов А.Б.	Оқу ісінің орынбасары Информатика пәні мұғалімі
14	Математика, физика, информатика пәндерін оқыту	Семинар Ш.Уәлиханов ат.Көкшетау Университеті	Куспекова К.М. Аманболдин Б.Ж. Шарипов А.Б.	Математика Физика Информатика пәндері мұғ.
15	Абайтану пәнін оқыту мен оқытудағы жаңа тәсілдер	Облыстық семинар	Ахат А.Д. Онгарбай Ж Даулеткалиева Т.Б. Муратов М.Б.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
16	Математика, тарих пәндері мұғалімдерінің Республикалық Съезі	Республикалық Съездері Қарағанды қ. Петропавл қ.	Шалабаева А.Б. Әдей Ж.	Математика пәні Тарих пәні мұғ.
117	Мектептегі тарих пәні: тың тұжырымдама, ашық сана, заманауи көзқарас	I облыстық форум	Әдей Ж.	Тарих пәні мұғ.
118	«Білімді жастар» (жас мамандардың кәсіби дамуы: білім берудегі жаңа көзқарас)	I облыстық жас педагогтар Слеты	Аманболдин Б.Ж.	Физика пәні мұғалімі
19	Географиялық білім берудегі озық ой және заманауи көзқарастар	География пәні мұғалімдерінің облыстық форумы	Қали Ж.С.	География пәні мұғалімі
20	Мектеп пен ЖОО байланысы мәнмәтініндегі педагогикалық білім беруді жетілдіру: жұмыс тәжірибесі, трендтер, болашағы	Ақмола обл. мұғалімдерінің облыстық форум Ш.. Уәлиханов ат. Көкшетау Университеті	Искакова Д.М. Кусаинова С. З.	Мектеп директоры БО ісінің орынбасары
21	Баланың кешенді дамуы: шығармашылық әулетін ашу	Көркем еңбек мұғалімдерінің облыстық Форумы	Шаяхметова С.С.	Көркем еңбек пәні мұғалімі



Озық педагогикалық тәжірибені жинақтау, тарату



Педагогтердің кәсіби шеберліктерін арттыру мақсатында жыл бойы мектепшілік



коучинг, семинар-тренингтер сыныптар өткізілді. Мектептің әдістемелік жұмыс жоспары



мен шебер-ғылыми-негізінде

физика, математика, информатика мұғалімдері арасында қазан айында физика пәнінің мұғалімі Сатынсин Д.Т. «Есептер шығару арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту» тақырыбында, желтоқсан айында педагог-зерттеуші санатындағы математика пәнінің мұғалімдері Куспекова К.М. және Шалабаева А.Б. «Сабақта табысқа жетуге жағдай туғызу тәсілдері» тақырыбында оқу-әдістемелік семинарлар өткізді. Семинарлар барысында пән мұғалімдері әртүрлі деңгейдегі есептер шығару арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, өмірмен байланыстыру жолдарымен танысты, сабақта табысқа жетуге жағдай туғызу тәсілдері бойынша әдістемелік ұсыныстар алды. Оқу семинарлары ұтымды және пайдалы өтті



Қараша айында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ахат А.Д. педагогтер арасында «Жақсы мұғалім-дарынды оқушы-нәтижелі мектеп» тақырыбында коучинг өткізді.





Қараша айында «Абай мектептері» желісі оқу ұйымдарына арналған республикалық семинарда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Ахат А.Д. «Проблемалық оқыту

технологиясы - оқушының әрекетін белсендіру құралы ретінде» коучинг, Даулеткалиева Т.Б. «Шоқан Уәлихановтың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі» тақырыбында шебер-сынып өткізді.



Қыркүйек айында озық педагогикалық іс-тәжірибесін жалпылайтын мұғалімдердің тізімін құрастырылды және бекітілді. Барлығы 8 педагог: «Педагог-шебер» санатындағы химия пәнінің мұғалімі Исакова Д.М., «Педагог-зерттеуші» санатындағы мұғалімдер Ахат А.Д., Даулеткалиева Т.Б., Әдей Ж., Алпыспаева С.А., Шалабаева А.Б., Куспекова К.М., Маженова А.А. Қараша айында бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары Кусаинова С.З. озық тәжірибе тарату бойынша «Мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін сипаттау, құжаттарын рәсімдеу» тақырыбында әдістемелік семинар өткізді. Семинарға қатысқан педагогтар өз педагогикалық тәжірибесін жинақтау және жалпылау әдістемесімен, ұсынатын құжаттардың мазмұнымен танысты.

«Шабыт» шығармашылық тобының жұмыс жоспары негізінде дене шынықтыру пәні мұғалімі Шайхан А. «Ұлттық ойындардың іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу», АӨТД пәні мұғалімі Шокаев А.Е. «Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстың мүмкіндіктері» тақырыптарында шебер-сыныптар өткізді. Сабақтарға мектеп әкімшілігі, тәжірибелі ұстаздар және жас мамандар қатысты. Сабақтарға қатысу барысында сабақтың оқу мақсаттарына сәйкес келуіне, мұғалімнің қалыптастырушы бағалау өткізуіне, кері байланысты жүргізуіне, сабақта цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділігіне, белсенді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдануына назар аударылды. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі К.Б. Жетписбаева «Л.Н. Толстой «Кавказский пленник» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақта әр түрлі әдіс-тәсілді қолданып, мақсатына сай өткізді. АКТ қолданды. Биология пәні мұғалімі Маженова А.А. 7б –сыныбында «Жапырақтың құрылысы және қызметі» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Топтық жұмыс әдісі арқылы жаңа тақырыпті бекітті, кері байланыс арқылы сабақты талдады, формативті бағалау және рефлексия өткізді. Оқушылары практикалық жұмыстарды орындады. Сабаққа әкімшілік және жас мамандар қатысты.

«Шабыт» шығармашылық тобының жұмыс жоспары негізінде математика пәні мұғалімі Шалабаева А.Б. «Арифметикалық прогрессияның n-ші мүшесінің формуласы» тақырыбында шебер-сынып өткізді.



«Кемеңгер» мұғалімдердің шығармашылық тобының жұмыс жоспары негізінде қаңтар айында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Онгарбай Жұлдыз 10 «А»-сынып оқушыларымен «Көкшетау» поэмасындағы кейіпкерлер бейнесі» тақырыбында шебер-сынып өткізді. Сабақтың мақсаты: Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау, жекеленген нысандардың (деталь, портрет, монолог) кейіпкер образын ашудағы рөлін түсіндіру. Осы мақсатты орындауда Жұлдыз Онгарбайқызы оқытудың топтық, жұптық және жеке формаларын тиімді қолданды. Оқушылар «Көңілді карусель», «Кейіпкерлерді зерттеу», «Пирамидалық талқылау» «SWOT талдау», «Попс формуласы» әдістері арқылы зерттеушілік жұмыстарын жүргізді. Оқушылар оқу әрекетіне белсенді қатысып, ұсынылған тапсырмаларды жоғары деңгейде орындады. Мұғалім «ЗҚ» әдісі арқылы оқушылармен кері байланыс жүргізді, формативті бағалады.



Физика пәні мұғалімі Сатынсин Дағыстан Төлеуғалиұлы 8 «Б» сыныбында физика пәнінен ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында мұғалім оқушыларды топтарға бөліп тапсырмалар беру және тапсырмаларды тұжырымдау арқылы жаңа тақырыптың мазмұнын ашты, оқулықта баяндалған мәтіннің мағынасын түсіндірді, практикалық жұмыстар жүргізді. «Білімді тексер!», «Кім жүйрік?» әдістері арқылы оқушылармен есептер шығарып, тестілеу өткізді.



Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ташмағанбетова Ляззат Нигметжановна «Н.Гоголь «Шинель» тақырыбында 10 «А» сыныбында шебер-сынып өткізді. Сабақ барысында оқушылар топтарға бөлініп, сабақтың мақсатына сай шығармашылық тапсырмаларды орындады: дәйексөздің мағынасын ашты, Н. Гогольдің өмірбаяны бойынша әдеби хронограф жасады, «Шинель» шығармасының тарихы жөнінде кластер құрастырды, шығарма бойынша цитаталық жоспар, лексикалық талдау, 3 жол өлең құрастыру сияқты практикалық жұмыстарды орындады. Жаңа сабақты бекітуде оқушылардан шығарма бойынша тест алынып формативтік бағалау жүргізілді. Сабақтың соңында рефлексия өткізілді.



Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ахат Алтыншаш Досымбекқызы «Әди Шәріповтің «Партизан қызы» повесінің құндылығы тақырыбында 9 «А» сыныбында шебер-сынып өткізді. Сабақ ұйымдастыру кезеңінен басталды. Оқушылар топтарға бөлініп, «Кедергілерден өту» пирамидасының шартымен және оқыту мақсаттарымен танысты. Мұғалім сабақтың мақсатына жету үшін тиімді әдіс-тәсілдер арқылы материалды меңгерту жолдарын қарастырды. Бірінші кедергіні алу мақсатында оқушылар «Мюнстерберг» әдісі арқылы көптеген әріптер арасынан тұтас сөздерді тауып, тез оқып, сөйлем етіп дәптерге жазды, «Керуен сұрақтар» әдісін қолданып алдыңғы оқуды пысықтады, «Ой зерделеу», «Жазушы ойы», «ПОПС формуласы» әдістер арқылы

әртүрлі тапсырмаларды орындады, өз пікірлерін дәлелдеді, берілген дескриптор арқылы кері байланыс жасап бір-бірін бағалады. Сабақ өте қызықты, мазмұнды, талаптарға сай өткізілді.



Математика пәні мұғалімі Курманалина Алтынай Сериковна «Алгебралық бөлшектерге амалдар қолдану» тақырыбында 7 «А» сыныбында шебер-сынып өткізді.



«Шабьт» мұғалімдердің шығармашылық тобының жұмыс жоспары негізінде көркем еңбек пәні мұғалімі Шаяхметова Салтанат Советовна «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыбында 7 «А» сыныбында шебер-сынып өткізді. Оқушылар топтарға бөлініп, «Миға шабуыл» әдісі бойынша сабақтың тақырыбын анықтады, оқыту мақсатымен танысты, «Тілек бұлттары» әдісі негізінде осы сабақтан не күтетінің стикерге жазды. Қазақ халқының ұлттық тағамдары туралы бейнематериал тындап, ән шырқады. Тәжірибелік жұмыс орындау барысында оқушылар технологиялық картаны қолданып, санитарлық-гигиеналық және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтап бауырсақтың екі түрін дайындады. Критерийлер арқылы оқушылар бір-бірінің жұмыстарын бағалап, пікірлерін білдірді.



«Шабьт» мұғалімдердің шығармашылық тобының жұмыс жоспары негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Даулеткалиева Толқын Болатбековна «М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» тақырыбында 8 «Б» сыныбында шебер-сынып өткізді. Оқу материалын зерделеуді ұйымдастыру кезінде мұғалім әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданды: «1 минут» әдісі бойынша «Kahoot» бағдарламасы арқылы үй тапсырмасын тексерді. «Кезбе тілші» әдісі арқылы оқушыларды 3 топқа бөліп шығарма бойынша жұмыс жүргізді: 1-топ - Телестудиядағы диктор : оқиға туралы жиынтық ақпарат берді, 2-топ - Тілші: оқиға орнынан ақпарат ұсынды, 3-топ -Тілші: куәгерден сұхбат алды. Сабақта кері байланыс Wordwall бағдарламасында «Ғажайып алаң» ойыны арқылы ұйымдастырылды. Сабақ мақсатына сай өткізілді.



«Шабыт» мұғалімдердің шығармашылық тобының жұмыс жоспары негізінде тарих пәні мұғалімі Әдей Жайнагүл ««Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы қолөнері»» тақырыбында 10 «А» сыныбында шебер-сынып өткізді. Оқу материалын ұйымдастыру кезінде мұғалім әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданды, зерттеу жұмыстары арқылы жаңа тақырыпты меңгерту жолдарын қарастырды.



Көктемгі каникул уақытында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А. Д. Ахат пен тарих пәнінің мұғалімі Ж. Әдей "Шебер мұғалім – сапалы сабақ" тақырыбында шебер-сынып өткізді. Оқу-әдістемелік семинардың мақсаты: 1. Педагогикалық өзара іс-әрекет, коммуникативтік қабілетті дамыту; 2. Ұстаздық қызметте қажетті дағдылар негізін тану; 3. Ұстаздық шеберлік компоненттерімен бөлісу болды. Мақсатқа жету үшін мұғалімдер 4 топқа бөлініп, «Мюнстерберг» әдісі, «Қарым-қатынас және визуализация» анимациялық фильммен жұмыс, «Суреттерді реттеу» және «Ақынның ойы» әдістері арқылы педагогтардың кәсіби шеберлігі - білім сапасының негізі екендігін дәлелдеді. Шебер-сыныпты өткізген педагогтар оқытуда қолданатын инновациялық технологияларды тиімді қолдану жолдарымен бөлісті.



Көктемгі каникул уақытында мектеп директоры Д.М.Искакова мен директорының оқу ісінің орынбасары Ш.С.Оспанова педагогикалық ұжым арасында көшбасшылықты дамыту



мақсатында "Көшбасшылық - кәсіби дамудың қуатты көзі" тақырыбында коучинг өткізді. Аталмыш іс-шара барысында педагогтар "Көшбасшы дегеніміз кім? Көшбасшы ұстазға тән қасиеттер қандай? Мен көшбасшы ұстазбын ба? Көшбасшы ұстаз болуыңызға не кедергі? Кедергіні жеңу жолдары қандай?" сынды сұрақтарға жауап іздеп, «Көшбасшылық туа пайда бола ма, әлде жүре пайда бола ма?» сұрағы аясында пікірталас өткізіп, өз ойларын ортаға салды. Рефлексия барысында коучингтен алған әсерлерімен бөлісіп, коучинг нәтижесіндегі жетістіктері үшін алғыс білдірді.



Жас мамандармен жұмыс

2021-2022 оқу жылы мектебімізде 7 жас педагог жұмыс атқарады. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында жас мамандардың табысты бейімделуі үшін ұйымдастыру-әдістемелік жағдай жасау мақсатында «Жас мамандар» мектебі жұмыс жүргізді. Жас мұғалімдердің кәсіби дайындық деңгейін анықтау, нормативтік құжаттармен жұмыс істеуді меңгерту, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындау, мектеп құжаттарын жүргізу, элективті, таңдау пәндері бойынша және жеке және топтық курс бағдарламаларын дайындаудағы жеке консультациялар, қазіргі сабаққа қойылатын талаптар, оқу процесін ұйымдастыру формалары, олардың үйлесуі, қазіргі мектептегі сынып жетекшісінің қызметі сияқты мәселелер отырыстарында қаралды. Қыркүйек айында жас мамандардың тізімі жасалды, сапалық құрамын анықталды, «Жас мамандар» мектебінің жұмыс жоспары бекітілді. 3 жас педагогке Аманболдин Б.Ж. Шалабаева А.Б., Сабиева Н.Ж. - Онгарбай Ж., Сағатай А.А. - Исакова Д.М. тәлімгерлер болып тағайындалды, жұмыс жоспарлары бекітілді. Ағымдағы оқу жылы жас мамандармен 8 отырыс өткізілді.

Қыркүйек айында оқу ісінің орынбасары Оспанова Ш.С. жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында "Тиімді жоспарланған сабақ жоспары - нәтижелі сабақ кепілі" мектепшілік семинар-коучинг өткізді. Жас мамандарға қысқа мерзімді жоспарды тиімді құру, сабақ кезеңдерін нәтижелі, жүйелі ұйымдастыру, Блум таксономиясы, SMART мақсаттар бойынша нұсқаулықтар ұсынылды. Коучинг барысында жас мамандармен психологиялық тренинг өткізіліп, өзара еркін тәжірибе алмасуға жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал орналды.



Қазан айында тәлімгер-мұғалімдер Исакова Д.М. Шалабаева А.Б. Онгарбай Ж., бейінді оқыту ісінің орынбасары Кусаинова С.З. жас мамандар арасында «Оқушылардың іс - әрекетін ұйымдастыру» тақырыбында теориялық сабақтар мен шеберхана өткізді. Осы отырыста жас педагогтер белсенді оқыту әдістерін қолдану, оқу процесін ұйымдастыру формалары, олардың үйлесуі, оқытудың әртүрлі әдістерін қолдану, оқу іс-әрекетінің түрлері, сабақ барысында теориялық бөлімді белсенді формалармен тиімді үйлестіру, дарынды балалармен жұмыс бойынша білімдерін арттырды.



Қараша айында тәрбие ісінің орынбасары Кайржанова М.Н. «Жас сынып жетекшісі» тақырыбында семинар өткізіп, жас мұғалімдермен қазіргі мектептегі сынып



жетекшісінің қызметі, тәрбие жұмысының жоспарын құру және орындау бойынша жұмыс туралы мәселелерін талқылады.



Желтоқсан айында «Жас мамандар» мектебінің жоспары негізінде тәлімгер-мұғалімдер Шалабаева А.Б., Онгарбай Ж. «Мұғалімнің рефлексивті әрекеті. Сабақты талдау және ішкі бақылау» тақырыбында жас мұғалімдерге семинар-практикум өткізді. Сабақта жас педагогтар рефлексия, оның мәні мен түрлері, мақсатына байланысты оқу сабағын талдауға қойылатын талаптар, оқуға қойылатын талаптар, кәсіби қызметтегі алғашқы табыстар мен жетістіктердің рефлексиясы туралы түсініктерін кеңейтті. Тәлімгер педагогтар жас мамандарға оқытудың тиімді әдістері мен түрлерін, әдістемелік ұсыныстарды тандап, оларды технологиялық үдерісте дұрыс үйлестіріп және ұтымды пайдаланған жағдайда оқу процесінде елеулі нәтижелерге қол жеткізуге болады екенін өз тәжірибесімен байланыстырып түсіндірді.



Қаңтарында айында бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары Кусаинова С.З мектептің жас мамандарына «Пәндік олимпиадаларға дайындық және оқушыларды зерттеушілік жұмыстарға баулу» тақырыбында семинар-практикум өткізді. Семинар барысында мектептік ғылыми қоғамы шеңберінде оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру жөнінде және пәндік олимпиадаларға дайындау барысындағы ұстанымдар бойынша бағыт-бағдар берді.



Ақпан айында мектептің педагог-психологі Какимжанова Д.Ш. «Педагогикалық жағдайлар» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында сынып пен оқушының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын құрастырудың негіздері, сабақтағы қиын жағдай және одан шығу жолы, суицидтің алдын алу мәселелерді жас мамандармен бірлесіп талқылады.



Наурыз айында «Оқушылардың оқу іс-әрекетінің нәтижесін бағалау» тақырыбында «Жалын» шығармашылық тобының жетекшісі Кожахметова Р.З. мен тәлімгер-педагог Онгарбай Ж. мектептің жас педагогтерімен семинар-практикум өткізді. Семинар барысында жас мамандар әр түрлі мазмұндағы шығармаларды бағалау нормалары мен критерийлері туралы, бақылау жұмыстарын жүргізудің, бағалаудың және талдаудың мазмұны мен әдістемесі бойынша, оқушыларға өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау әдістерін үйрету жөнінде білімдерін кеңейтті.



Сәуір-мамыр айларында ««Бүгінгі жас маман – болашақ білікті ұстаз» тақырыбында жас мамандардың онкүндігі, өткізген сабақтарына өзіндік талдау, тәлімгер мұғалімдердің ұсыныстары және жас мамандардың шығармашылық есебі өткізілді.





Педагогтердің кәсіби конкурстарға қатысуы



Қазан айында жас педагогтардың шығармашылық әулетін және өзін-өзі дамытуына жағдай жасау, білім беру жүйесін жетілдіруге мұғалімдердің кәсіби көзқарасын қалыптастыру мақсатында желілік «Абай мектептерінің» жас мамандары арасында өткен «Менің педагогикалық әлемім» атты республикалық байқауға қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Муратов Мақсат Болатұлы қатысып ІІ жүлделі орынға ие болды және Дипломмен марапатталды. Байқау барысында Мақсат Болатұлы жаңартылған білім беру технологияларын тиімді пайдалана отырып «Педагогикалық дебют» тапсырмасы бойынша онлайн панорамалық сабақ өткізді және «Педагогикалық шеберлік қоймасы» тапсырмасы бойынша сұрақ-жауаптар мен жағдаяттарды шешті.



Желтоқсан айында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Ахат А.Д., Онгарбай Ж., Даулеткалиева Т.Б. және Муратов М.Б. Абай желілік мектептерінің жылдық жоспарына сәйкес, шығармашыл педагогтерді анықтау және қолдау, ең үздік педагогикалық тәжірибені тарату, педагогикалық идеялар, үздік бағдарлама, үздік ғылыми мақала нәтижелерімен алмасу мақсатында өткен «Үздік оқу-әдістемелік құралдар мен авторлық бағдарламалар» республикалық сырттай байқауға қатысты. Байқаудың қорытындысы бойынша Онгарбай Ж. І жүлделі, Даулеткалиева Т.Б. және Муратов М.Б. ІІІ жүлделі

орындарға ие болып дәрежелі Дипломдармен және Ахат А.Д. Алғыс хатпен марапатталады.



Дарынды балалармен жұмыс

2021-2022 оқу жылы дарынды оқушылармен жұмыс Қазақстан Республикасының Заңдарына, «Білім беру жөніндегі» Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министірлігінің нормативтік құқықтық актілеріне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығына, Республикалық ғылыми-практикалық «Дарын» орталығының нормативтік, нұсқаулық құжаттарына сәйкес жүзеге асырылды. Дарынды оқушылармен жұмыс «Оқушылардың жеке тұлғалық зияткерлік және шығармашылық құзыреттілігін дамыту» мақсатында жүргізілді.

Қазан-желтоқсан айларында келесі мектепшілік конкурстар мен олимпиадалар өтті: «Менің шағын Отаным», Президенттік олимпиада, «Лингвистика» олимпиадасы, Қ.Бітібаева ат. қазақ тілі олимпиадасы, «Тіл дарыны» шығармашылық конкурсы, 8-11-сыныптардың жалпы пәндер олимпиадасы, 7-8-сыныптардың юниор олимпиадасы «Абайтану» олимпиадасы өтті. Осы олимпиадалар мен конкурстарға қатысқан 7-11-сынып оқушыларының саны - 236. «Олимпиадалық резерв» мектебінің жұмысы үнемі әкімшіліктің қадағалауында болды.



Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері

Барлығы орын саны – 75

1-орын - 15

2-орын- 30

3-орын – 30

Оның ішінде:

Республикалық деңгейдегі орын саны - 17

1-орын - 1

2-орын- 11

3-орын - 5

«Дарын мектептері» желісі бойынша – 10 (1-орын -1, 2-орын-7 , 3-орын- 2)

«Абай мектептері» желісі бойынша- 7 (2-орын-4 , 3-орын- 3)

Облыстық деңгейдегі орын саны - 58

1-орын -14

2-орын- 19

3-орын -25

Қосымша:

«Тарих ата» республикалық қашықтық олимпиада

Алған орын саны – 14 (1-орын – 4, 2-орын -3 , 3-орын -7)

Республикалық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстар жеңімпаздарының жалпы білім алушылар контингентінен үлесі - 8,6 %

Мектептің ғылыми-әдістемелік және дарынды балалармен жұмысы оқу-тәрбие жылдық жоспары негізінде толық орындалды.

Бейінді оқыту жөніндегі директордың орынбасары Кусаинова С.З.

2022жыл 30 мамыр